



Әлік ұсыныстар мен
әрдің; әдістемелік
әрдің; әдістемелік
әрдің титул парағы

Нысан
ПМУ ҰС Н 7.18.3/40

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті

Қазақ филологиясы кафедрасы

«Көркем мәтінге лингвистикалық талдау» пәні бойынша
5В020500- «Филология:қазақ филологиясы»
мамандығының студенттеріне арналған пәнді оқыту
бойынша

ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫСТАР МЕН НҰСҚАУЛЫҚТАР

Павлодар



елік ұсыныстар мен
әдістемелік ұсыныстарды;
нұсқауларды бекіту парағы

Нысан
ПМУ ҰС Н 7.18.3/41

БЕКІТЕМІН

ОІ жөніндегі проректор
_____ Пфейфер Н.Э.
(қолы) (аты-жөні)
20__ж. «__» _____

Құрастырушы: _____ Ф.Ғ.К., доц
(қолы)

Қазақ филологиясы каф
(кафедра атауы)

«Көркем мәтінге лингвистикалық талдау» пәні бойынша
5В020500- «Филология:қазақ филологиясы» мамандығының
студенттеріне арналған
пәнді оқыту бойынша

ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫСТАР МЕН НҰСҚАУЛЫҚТАР

Кафедраның отырысында ұсынылды
20__ж. «__» _____, №__ Хаттама

Кафедра меңгерушісі _____ Жүсіпов Н.Қ. 20__ж. «__» _____
(қолы) (аты-жөні)

Гуманитарлық педагогикалық факультеттің ОӘК мақұлданды
(факультет атауы)

20__ж. «__» _____, №__ Хаттама

ОӘК төрайымы _____ Ксембаева С.К. 20__ж. «__» _____
(қолы) (аты-жөні)

МАҚҰЛДАНДЫ:

ОӘБ бастығы _____ Жұманқұлова Е.Н 20__ж. «__» _____
(қолы) (аты-жөні)

Университеттің оқу-әдістемелік кеңесімен мақұлданды
20__ж. «__» _____ №__ Хаттама

Теориялық курс мазмұны

1-тақырып Көркем мәтінге лингвистикалық талдау пәні, мақсат-міндеттері

«Көркем мәтінді лингвистикалық талдау» оқу құралы филология факультетінің студенттеріне көмекші құрал болып табылады. «Көркем мәтінді лингвистикалық талдау» арнаулы пән ретінде жоғары оқу орындарының оқу жоспарына 1983 жылы енді. Көркем әдебиет тілін зерттеу бүгінгі таңда теориялық негізі қаланып, оның мазмұны, яғни зерттеу нысаны мен мақсат-міндеттері, ұстанымдары мен әдіс – тәсілдері айқындалған. Мәтін тілінің бейнелілігін түсініп, көркем мәтіннің эстетикалық табиғатын танып, тілін талдай білу – филолог маманның міндеті. Ұсынылып отырған оқу құралы «Көркем мәтінді лингвистикалық талдау» пәнін меңгерту үшін және студенттердің филологиялық білім дағдыларын дамыта түсу үшін қажетті құрал болып табылады.

«Көркем мәтінді лингвистикалық талдау» пәні «Әдебиет теориясы», «Қазақ тілінің стилистикасы», «Қазақ әдеби тілінің тарихы» және тіл білімінің барлық салаларымен, басқа да салааралық пәндермен (риторика, поэтика, прагматика және семиотика) тығыз байланыста оқытылады. Аталмыш пән сондай-ақ, әлеуметтік лингвистика, психолінгвистика, этнопсихология, лингвомәдениеттану, философия, мәдениеттану, логика, педагогика, этнология, тарих т.б. пәндермен де байланыстырылады. Бұл пәннің өзіндік талдау әдіс-тәсілдері бар. Студенттерге курс көркем мәтінге тілдік-лингвистикалық талдау жасауға, яғни дыбыстық қабаттан мәтінге дейінгі аралықтағы тілдік бірліктердің қызметін талдауға, сол арқылы көркем шығарма тілінің өзіндік ерекшеліктерін, олардың жасалу жолдарын, көркем құралдардың лингвопоэтикалық қызметін анықтауға үйретеді. Кез келген тілдік құрал көркем мәтін тілінде орынсыз қолданылмайды. Ондағы күрделі синтаксистік құрылымдар, лексемалар, жеке дыбыстар, фразеологизмдер, мақал-мәтелдер – бәрі де жазушы талғамымен көркемдік идеяға қызмет ететін тілдік құралдар болып табылады. Тілдік құралдардың қолданысы, олардың мағынасы, автор бейнесі мен кейіпкер бейнесінің берілу жолдары т.б. лингвостилистикалық талдау жүргізудің нәтижесінде анықталады.

[1], [2],[3],[11],[12],[13], [14].

2-тақырып. Көркем мәтінді талдау үлгілері

Көркем мәтінді талдаудың бірнеше аспектілері бар. Көркем мәтінді әдеби тіл нормаларына қатысы тұрғысынан алып талдау, мағыналық талдау, көркем бейне жасауға қатысы жағынан алып талдау, жазушының дара стилін таныту мақсатында талдау. Ғалымдар мәтін талдаудың бірізді болмайтындығы туралы «...бұл мына жайларға байланысты: біріншіден,

қандай мәтінді қалай талдау зерттеушінің алдына қойған мақсат-міндеттерінен туындайды, екіншіден әр мәтіннің өзіндік ерекшеліктері ескеріледі» [2, 3], – деп атап көрсетеді.

Көркем шығарма тілі – көркем композицияның элементі. Көркем шығарманы лингвостилистикалық тұрғыдан талдауда негізінен екі нәрсе басты нысанға ілінеді: біріншісі – әдеби тілдің дамуы барысындағы көркем туындының орнын; екіншісі – жеке ақын-жазушылардың сөз мәнерін зерттеу. Бұл пәннің негізгі міндеті көркем мәтінді зерттеу арқылы оның идеялық және эстетикалық болмысын ашу болып табылады.

Тілдің тірегі – сөз. Сөз – халқымыздың өткен тұрмыс – тіршілігінің, ой – сезімінің, елдігі мен ерлігінің, парасатының әрі куәсі, әрі дерек көзі. Ал тілдің сөз байлығын танытатын – көркем шығарма. Көркем шығарма тіл байлығын танытумен ғана шектелмейді, сондай-ақ, тілді байытатын, дамытатын негізгі арналардың бірі болып табылады. Сөз құдіретін көрсету мен сөзден айшықты кесте өрудің шеберлерінің поэзия немесе прозалық шығармаларының тілін зерттеу арқылы әдеби тілімізді танып, меңгерудің тиімді жолы болып табылмақ.

«Көркем мәтінді өнер туындысы ретінде зерттегенде таза лингвистикалық әдіс-тәсілдермен шектеліп қалу жеткіліксіз. Себебі көркем туынды, даралық көркем стиль жазушы шығармаларының сөйлем құрылысы ғана емес, әр жазушының шығармаларына тән мазмұн мен түр ерекшеліктері. Көркем әдебиет стилистикасында шығарманың тілін оның идеялық мазмұнынан бөліп алып қарауға болмайды. Бұдан талдаудың лингвистикалық принциптерімен әдіс-тәсілдерін әдебиеттану тұрғысынан талдаумен, соның ұғымдары, категорияларымен, принциптері және әдіс-тәсілдерімен ұштастыру қажеттілігі туады» [1, 17].

Демек, көркем мәтінді лингвистикалық тұрғыдан талдау – әрбір тілдік құралдың қызметін талдау арқылы олардың мәтіндегі мағынасын ашу, қолданылу мақсатын айқындау. Ақын-жазушы шығармаларының қыр-сырын, көркемдік ізденістерін, тақырыптық – идеялық жақтарын т.б. жан- жақты қарастыратын әдеби талдауларын бүтін «дүниенің» екі жағы десек, олардың әрқайсысын терең зерттеу арқылы ғана бүтіннің табиғатын толық тани аламыз.

Көркем әдебиет қоғамдық өмір қалыптастырған әлеуметтік топтардың қоғамдағы алатын орнын, өзара қарым-қатынастар мен өзіндік ерекшеліктерін көрсетуде бірінші кезекте сол топтардың тіліне тән тілдік элементтерге иек артады. Мұндай тілдік ерекшеліктер көркем шығармада ортақ кәсібі мен тұрған жері, өскен ортасы т.б. жағдайлар біріктірген адамдар тобының әлеуметтік ерекшелігінен хабар беретін стильдік көрсеткіштер болып табылады. Көркем образ жасауға апаратын жолдағы көптеген амал – тәсілдер қатарында адамға тән түрлі мінез ерекшеліктері мен оның қалтарыстарын көрсетуде жазушы үшін үлкен маңызға ие нәрсе – кейіпкер тілін «өзгермеген» қалпында пайдалану. Қоғамдағы өзі кіретін әлеуметтік топпен ортасы атынан сөйлейтін кейіпкер ешқандай әсірелеу, боямасыз-ақ келбеті мен бітім болмысынан, білімі мен қабілетінен хабар беріп, тіл арқылы

орнын айқындайды. Бұдан кейіпкер бейнесін сомдауда тілдік құралдардың қаншалықты маңызды екендігін, сондай-ақ тіл мен әдебиет арасындағы байланысты айқын аңғарамыз. Тілдік ерекшеліктерді туғызудағы негізгі факторлардың бірі шығарма кейіпкерінің қоршаған орта қалыптастырған дүние танымы мен өмірге деген өзіндік көзқарасы, көрген-білгені мен оқып-түйгенінен туған адами позициясы образ жасаудағы жазушы ескеретін бірден-бір жайт болып табылады.

Тіршілік иірімдеріндегі адамдар тағдырын бейнелеп, образдар галереясындағы олардың қайталанбас портреттерін жасау үшін жазушы кейіпкердің жеке басына тән барлық белгіні пайдалануға тырысады. Ол белгілердің қатарына тілдік құралдар да кіреді. Яғни ана сүті, әке өсиетімен даритын ұлттық ерекшеліктерінен бастап, мекен еткен жері мен кәсібіне байланысты тілдік қолданыстар, сондай-ақ, жас ерекшелігі мен әлеуметтік сипатын танытатын білім деңгейі, осы айтылғандарға қатысты сөз саптауындағы тілдік ерекшеліктер назардан тыс қалмайды. Оның сыртында әр адамның сөйлеу мәнеріндегі индивидуалдық ерекшеліктер образ сомдаудағы ең қажетті құралдардың бірі болып табылады.

Мағынасы айқын аңғарылатын, стильдік бояуы бірден көзге түсетін сөз бен сөз тіркесі, сөйлем бірліктері кез келген мәтіндегі қолданыс аясын анықтап, стильдік фон жасауға қатысатын белсенді тілдік құралдар екендігін тану үшін филологиялық талдау жасау қажет. Әр функционалды стильдің өзіндік мағынасы мен бояуы жағынан ажыратылмайтын стильдік қабаты болады. Дыбыстық қабаттан мәтінге дейінгі аралықтағы тілдік бірліктердің стилистикалық қызметін талдау көркем шығарма тілінің өзіндік ұйысу ерекшеліктерін, олардың жасалу жолдарын, көркемдік құралдардың лингвопоэтикалық қызметін анықтауға жағдай туғызады. Көркем шығармада фонетикалық құбылыстарда түрлі стильдік мақсатта жұмсалады. Мысалы, сонар дауыссыздарының түсіріліп айтылуы іс жылдамдығын, қимылдың бірден жүзеге асқандығын білдірсе (боп- болып, со кезде- сол кезде), дыбыс созылыңқылығы кейіпкердің эмоциялы-психологиялық күйін білдіреді.

[1], [4],[6],[8],[10],[23], [24].

3-тақырып. Көркем мәтінді әдеби тіл нормалары қатысы тұрғысынан талдау

Көркем мәтінге тән ерекшелік онда түрлі терминдер, ауызекі сөйлеу үлгілері, ғылыми стиль, жалпы барлық стиль түрлерінің мақсатты түрде қолданыла беретіндігінде. «Көркем әдебиеттің стильдік ерекшеліктері жалпы халықтық тілде кездесетін фактілердің барлығын да керегінше қолдана беруден бас тартпайды. Сондықтан көркем әдеби шығармаларда әдеби нормамен қатар ауызекі тіл элементтері де, диалектизмдер мен архаизмдер де, жаңа қолданыстар мен варваризмдер де кездесуі заңды» [3,105].

Мәтінде қарапайым сөздер, яғни сөйлеу тілінің элементтері стильдік мағына, мән арқалайды.

«Қарапайым сөздер – ауызекі сөйлеу тіліндегі лексиканың бір саласы. Бұлардың екі түрлі ерекшеліктері бар:

а) стильдік мәні бір нәрсенің бағасын кемітіп, құнын түсіріп төмендету бағыты болады.

ә) диалектизмдер сияқты территориялық жағынан шектелген емес, жалпы халыққа бірдей таныс сөздер. Сонымен қатар, әдеби тілде қолдануға ыңғайсыз экспрессивті мәні болады. Тұрмыстық сөздер мен қарапайым сөздер бір – біріне өте – мөте ұқсас, бұлардың арасына шек қойып ажыратудың өзі кейде тым қиынға соғады» [10, 131].

Қаламгерлер жалпы халықтық тілдегі эмоционалды – экспрессивті сөздерді кейіпкерлер тілінде жиі қолданады.

«Экспрессивтік – эмоционалды сөздер барлық стильде бірдей қолданыла бермейді. Олар негізінен сөйлеу тілі мен көркем әдебиетке тән» [6, 178].

Жазушы кейіпкерлерді сөйлету арқылы тыныс-тіршіліктерінен, өмірге деген көзқарастарынан, мінез-құлықтарынан хабар береді. Кейіпкер тілі арқылы оның образы әр қырынан көрсетіледі.

«Нағыз жазушы кейіпкерлерін өздері беріп тұрған образға сай сөйлетеді. Кейіпкер сөзі оның бейнесін жасауға тікелей қызмет ететін көркемдік тәсілдің бірі болып саналады» [11, 47].

Көркем әдебиетте кейіпкер тіліндегі қарапайым сөздер кейіпкер мінезін ашуға қызмет етеді. Осындағы Өріктің аузынан шыққан дөрекі, эмоционалды сөздер, яғни қарапайым сөздер шоғыры біріншіден, оның болмысын, адуын, ұрысқақ, көкезу, долы адам екендігін көрсетуге қызмет етіп тұр, екіншіден кейіпкердің ішкі сезімін, қатты ашу – ызасын беру мақсатында қолданылған. Автор қарапайым сөздерді қолдану арқылы сөйлемдердің экспрессивті-эмоционалды қуатын арттырып, айтар ойын оқырман көңіліне бірден, нақты жеткізеді.

Барғанмен көре алмассыз, ұйықтап қалды, – деп еді, ол сөз Бозінгеннің құлағына бит шаққан құрлы кірген жоқ, қол-аяғы жерге тимей, шошалада сүт пісіріп жатқан қара кемпірге барып, көзін ашып-жұмып естіген хабарын айтты.

Бит шаққан құрлы кірген жоқ; қол-аяғы жерге тимей; көзін ашып жұмып – қарапайым тұрақты тіркестер, ауызекі тілде жиі қолданылады. Бұл жерде Бозінген мінезі ашылып қана қоймайды, автордың кекесіні, мысқылы да аңғарылады.

Сөзді ауыспалы мағынада қолдану амалы сөйлеу тілінде мәнерлегіштік әрі бейнелегіштік қасиет береді. Әдетте, сөйлеу тілінің эмоционалды сипаты басым болғандықтан, ауыспалы мағынада бейнелі сөздер сол сөз болатын зат, құбылысқа адамдардың көзқарасын білдіреді.

Вульгаризмдер кейіпкерлердің ашу ызасын тереңдетіп, әсірелейді. Бұл дөрекі сөздердің орнына сыпайылау сөздерді қолданса, онда ол сөйлемдердің эмоциялық реңкі болмас еді.

Аталған мысалдарда кейіпкердің аузынан шыққан дөрекі, эмоционалды сөздер, яғни қарапайым сөздер шоғыры (Өй, арам без!; Өй, бұралқы; Ойбой, сорлылар-ай; көп оттап; не оттап отырсың?), біріншіден, кейіпкер болмысын, мінезін таныту, яғни адуынды, ұрысқақ, көк езу, долы адам екендігін

көрсетуге қызмет еткен, екіншіден, кейіпкердің ішкі сезімін, қатты ашу-ызасын беру мақсатында да жиі қолданысқа түскен.

Мәтіндегі «айызы қану», «бықсыма күншілдер», «аузы жеңіл», «суық сөз», «соғып отыру» айтылған ойға қатысты кейіпкердің көзқарасын, әрі екінші кейіпкердің мінез ерекшелігін білдіреді. Көркем мәтінде ауызекі сөйлеу тілі сол қалпында жұмсалады. Яғни әдеби тілден ауытқу, вульгаризмдер, диалектизмдер т.б. кездеседі. Мысалы, Ғ.Мүсіреповтің шығармаларында сөйлеу тілінің стильдік белгісін көрсетудің тілдік құралдардың қатарына *ғып, әкеп, дейім, боп, кеп* т.б. сөздер жатады. Бұл лексемалардың әдеби тілдегі көрінісі *қылып, келіп, деймін, болып, әкеліп*, т.б. түрінде беріледі.

«Көркем шығарма тілінің өзіндік табиғатын, өзіндік сөз қиюын айқындай түсетін екінші бір нәрсе, ол сөйлеу тілі. Басқы функционалдық стильдерге қарағанда көркем шығарма тілінде сөйлеу тілі элементтері де ретіне қарай қолданылып отырады. Өйткені, қандай да бір көркем еңбек болса да, онда авторлық баяндамадан сырт кейіпкерлер тілі, яғни кейіпкерлердің әрқайсысының өзіне тән сөйлеу машығы сақталатындығы белгілі.

Бұл арада сөйлеу тіліндегі сөз тіркесінің әдеби тіл аясындағыдан өзгешелеу болып келетіндігін ескерген жөн. Әдетте адамдар өзара сөйлескенде әр түрлі фонетикалық қысқартулар, синтаксистік ауытқулар ұшырасып отырады» [1. 24].

[1], [12],[13],[21],[22],[23], [26].

4-тақырып. Көркем мәтінді мағыналық жағынан талдау

Көркем мәтіндегі әрбір сөздің беретін мағынасын түсіну, автордың берген ойын тану үшін көркем мәтінге мағыналық талдау жасау қажет. Мысалы, фразеологизмдердің мәтін, мағыналарын талдауды мақсат ету керек.

«Көркем шығарма тіліндегі фразеологиялық тіркестерді талдау – әрбір автордың өзіндік стиль жасаудағы тілдік тәсілдердерінің бояу-өрнегін айқындау болып табылады. Жазушының көркемдік нақыш, қырын танытатын сөздер – осы фразеологизмдер» [11, 124].

Фразеологизмдер табиғаты және олардың қызметі, сондай-ақ, көркем шығармадағы қолданысы В. Виноградов, А. Ефимов, І. Кеңесбаев, Ғ. Мұсабаев, А. Ысқақов, К. Аханов, Р. Сыздық, Ә. Хасенов, Х. Қожахметова, К. Смағұлова, Р. Авакова, Қ. Саркенова, Ж. Қоңыратбаева, Г. Мұхаметқалиева еңбектерінде ғылыми түрде сараланып, зерттеледі.

Сонымен мәтіндегі әр түрлі стильдік бояумен әр түрлі мақсатта жұмсалатын бұл көріктегіш құралдардың бірі – фразеологизмдер, тұрақты тіркестерді талдау жазушының сөз қолдану шеберлігін ашуда да таптырмас тәсіл болады. Ақын-жазушының поэтикалық тілінде көзге түсетін ең үлкен құбылыстың бірі – фразеология саласына тұрақты тіркестерді әкелуі. «Әр жазушы өз өресіне қарай тілдің фразеологиялық қорынан қажетін алады да, өз кезегінде әдеби тілдің дамуына үлесін қосып отырады» [12].

[1], [2],[3],[11],[12],[13], [14].

5-тақырып.

Сөз таптарының ішінде етістік ерекше стильдік қызмет атқарады. Әдебиеттанушы ғалым Қ.Жұмалиев көсемше мен өткен шақ есімше тұлғаларын эпитет деп қарайды. Ғалым Р.Сыздықова: «затты» тек белгісі емес, қимылды, іс-әрекеті де бейнелі түрде сипатталуы мүмкін», – дей келе, көсемше тұлғасының іс-әрекеттің; сынын бейнелеуін экспрессивид деп алады [11].

«Экспрессивид – белгілі бір стильдік мақсатпен қолданылған, оқырманға әсер ететін, экспрессиялы сөздер немесе тұлғалар, тіркестер А.Байтұрсынов тілімен айтсақ, «көңіл күйінен шығып, көңілге күй түсіретін сөздер» [11, 32].

Мәтінде кездесетін, көбінесе тарихи тақырыптарға арналған мәтіндерде оқырманға түсініксіз сөздердің мағынасына талдау жасауды керек етеді. Р.Сыздықова: «Қазақтың ауыз әдебиеті мен тілінде, жырларда ескі тұрмыс – салтқа байланысты өткен ғасырда өмір сүрген ақын – жазушылардың бұл күнде ұмыт бола бастаған немесе мүлде ұмытылған, я болмаса мағынасы өзгерген сөздер мен сөз тіркестерінің кездесуі табиғи құбылыс» [13, 5], – дейді.

Көркем шығармаларда бүгінде ұмыт болған және сирек қолданылатын ұлттық ойын аттары кездеседі.

[1], [2],[3],[9],[10],[15], [17].

6-тақырып. Қазақтың ұлттық ыдыс-аяғы, салт-дәстүрі т.б. символдық мәнге ие. Қазақ ұғымында әр отбасының тоқшылығы мен берекесінің белгісі болып қазан алынады. Қазан - әр отбасының күнде тамақ дайындайтын ыдысы. Қазанға пісірілген ас дәмді, әрі берекелі болған. Сондықтан қазақ халқында қазан ұрпақ жалғасуы мен отбасының берекесінің символы. Н.Уәлиұлы: «Қазан мен қара мылтықтың «қасиетті жетінің» қатарында алынуы тегін емес»[14],-деп айтуы оның символдық мәні бар екендігінің айғағы.

Халқымызда «қазанның құлағын қағу», «қазан бұзбау», «қара қазан», «қазан төңкертпеу» т.б. тәрізді сөз орамдары жайдан-жай алынбаған.

Қазанның символдық белгісі туралы мысалдар көптеп келтіруге болады.

Исатайдың барында,

Қара қазан, сары бала

Қамы үшін қылыш сермедік (Ай заман-ай, 187-бет)

Халқымыздың айбалта жырлы жауынгер ұлы Махамбет те елдің қамын ойлағанын, ел тоқтығы мен берекесі үшін күреске шыққанын «Қара қазан, сары бала қамы үшін қылыш сермедік»,- деп көрсетеді. Қай дәуірде де жауынгер қазақ халық қазанының қаймағы бұзылмауы үшін жорыққа шығып, ерлік таныта білген.

Сөз тыңда, құлақ салып, балам маған,

Астыңда дарияның алтын қазан.

әкелсең сол қазанды ерлік қылып,

Беремін Күнсұлуды қосып саған Құламерген

Академик Ә.Марғұлан бұл сюжетке ерекше назар аударып, онда терең мазмұн жатқанын тамаша дәлелдеген: «Құламерген» жырында теңіз астынан қазан іздеу - тайпалар демократиясының бірлігін сипаттайды. «Қазаншаңырақ сияқты, бүтіндіктің белгісі. Ол құрыса, ел де құриды. Оның үстіне қазанды қастерлеу ерте кездегі темірге табынудың бір түрі. Тәуке ханның аңызында жолығатын «қара қазан», «қара мылтық» алу - жаудан кек қайтару белгісінің ескі түрі. Тәукенің жарғысы бойынша бұрын жауласқанда «шаңырақ», «қазан» сындырып кек алудың орнына енді оны сындырмай жәбір көрген жаққа сол нерселердің өзін беріп тыныштық жасайды» [15, 187],-деп түйіндейді.

Мысалы, «Осыдан, Абылайдың басын алмасам, қатынын ат көтіне салмасам, қара қазанын қақ жармасам, әкем Қазыбектің аруағы өзімді ұрсын» деп қарғанып, атқа мінді.

Қазанын алу - өшін алу деген мәнде жұмсалған. Мысалы,

Ашулының алдында тұрма деген, көшіңіз, ақыры қазанды асулы бойында жұртқа қалдырыңыз; өздері келер де, даяр асулы қазанға тамақ қылып ішер; Сонан соң, қара қазанын алдық қой деп, ашуы басылар да көңілі тынар. Ол сөзінің мәнісі қырғыз ошақ алмайды, Үш тасты ошақ қылып, қазан асады, көшкенде ол тасты артып көше ме, жұртта қалмақ қой»

Қазанның осы символдық белгісі туралы этнограф С.Кенжахметұлы былай дейді: «Қазанның басқа ыдыстарға қарағанда қазақ өмірі мен мәдениетінде алатын орны мүлде жоғары. Өйткені ол - күнделікті тіршілік құралы. Қазақ дастарханына түсетін тағамдардың барлығы да ең алдымен осы қазаннан өтеді. Халық жай ғана «қазан» демей, оны «қара қазан» деп қастерлеп айтады. Бұл жерде «қара» сөзі «қасиетті, киелі, берекелі» деген ұғымды білдіреді. Ұлттық әлеуметтік тарихи оқиғаларда да қазанның алатын айрықша орны бар. Қазанын сыңдыру - отбасын ойрандаудың, қазанын төңкеру- аштықтың, масқаралаудың белгісі. «Жеті жарғыдан өлім жазасына бұйырылған адам жеті айып төлеп құтылса, оның біріншісі - «қара қазан төлеуі» деп аталған» [16, 128].

[1], [2],[3],[9],[10],[15], [17].

7-тақырып. Мәтінді жазушы шеберлігін айқындау тұрғысынан талдау

Жазушының тіл байлығы жеке сөздердің көптігімен өлшенбейді, керісінше оларды ұтымды қолдану шеберлігімен айқындалады. Нәрсіз сөздер мен орынсыз тіркестер тіл жұтаңдығы мен ой жұтаңдығын туғызады. Әлемдегі қандай халықтың болса да белгілі дәрежеде дамыған сөз өнері бар. Біздің халқымыздың сөз өнері бірнеше ғасырлар бойы дамып жетіле келе, алдымен, жалпыхалықтық тілді байытты. Әр қаламгер мақал-мәтелдерді халық тіліндегі қалпында жұмсаумен қатар, жаңғыртып, өзгерте қолдану арқылы қосымша рең, мағына туғызып, айтар ойды шешендікпен жеткізеді.

Жалпыхалықтық сипаттағы фразеологизмдердің стильдік мақсатта жұмсалыуына келсек, фразеологизмдер кейіпкердің жан – дүниесін, күйзелісін, өкінішін, күйініш-сүйінішін, бір сәттік жан-күйін ашып жеткізуде орасан зор

орын алады. Көркем шығармалардағы фразеологизмдерді бірнеше топқа топтастыруға болады.

[1], [2],[3],[11],[12],[13], [14].

8-тақырып. Айшықтау құралдарының мәтіндегі қолданысы

Мәтінді эстетикалық тұрғыдан қабылдау үшін стилистикалық талдаулар жасаймыз. Жазушы қолданған айшықтау құралдарының мәтіннің көркем бейнелі құрылым түзуге жұмсалғандығын, қызметін анықтаймыз.

Тілімізде айшықтаудың түрлері көп. Троптар – ойды бейнелі, көрікті етіп жеткізеді. Метафора, метонимия, синекдоха, теңеу, эпитет, перифраза т.б. барлығының өз алдына жеке, өзіндік көркемдік қызметтері мен ерекшеліктері де бар.

Қазақ тіл білімінде теңеу, метонимия, эпитет, метафора сияқты троп түрлерінің лингвистикалық ерекшеліктері, теориялық жақтары зерттелген.

Т.Қоңыровтың «Қазақ теңеулері» (1978), Л. Нұржекееваның «Қазақ метонимияларының лингвистикалық табиғаты» (1991), Г. Мұхаметқалиеваның «Тұрақты эпитеттерінің тілдік табиғаты» (1995), А. Сыбанбаеваның «Метафораның тілдік болмысы және концептуалды метафоралар» (2002) еңбектерін атауға болады.

Б.Майлин тілін зерттеуші ғалым Х. Кәрімов: «Майлин әңгімелерінде қолданылған эпитеттердің шығарманы көріктеудегі қызмет өте қызық. «Құрымбайдың жігітшілігі» деген әңгімеде айтылатын Нұржан үйін автор оқушыға жаңа таныстыра бастаған-ақ мынандай сөйлемдер кездеседі: «Шайды Күләш құйып отыр. Қатыны Меруерт байы мен Күләштің екі ортасында, жұлығынан шұлғауы шығып жүрген бастамалы мәсіні кесіліп жіберіп, құрсаулы ала кесемен шайды сіміріп отыр» (Б.М., 343-бет). Бұл отбасының тұрмыс күйі туралы автор өз атынан әлі ештеңе айтқан жоқ. Бірақ мына сөйлемді оқығаннан кейін, оқушы бұл үйдің кедей шаруа екендігін бірден түсінеді» [24, 27], – дейді, эпитетті қолданудағы жазушы шеберлігі жайлы.

[1], [2],[3],[21],[26],[13], [24].

Қолданылатын әдебиеттер

Негізгі:

1. Оралбай Н. Қазақ тілінің сөзжасамы. Алматы, 2002.
2. Қасым Б. Қазақ тіліндегі күрделі сөздер: уәждеме және аталым. Алматы, 2001.
3. Қасым Б. Сөзжасам: семантика, уәждеме. Алматы, 2003.
4. Қазақ грамматикасы. Елорда, 2002.
5. Құрманәлиев К. Қазақ тіліндегі сөзжасамдық ұя мәселесінің теориялық негіздері. АДД. Алматы, 2002.
6. Қоқышева Н. Қазіргі қазақ тіліндегі сөзжасамдық тізбектер. АҚД. Алматы, 2002.

Қосымша:

7. Қасым Б. Күрделі зат атауларының мағыналық құрылымы және сөзжасамдық үлгілері. Алматы, 2000.
8. Оралбаева Н. Қазіргі қазақ тіліндегі сан есімнің сөзжасам жүйесі. Алматы, 1988.
9. Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. Алматы, 1989.
10. Қалиев Ө. Сөз тудыру жеке сала. ҚМ.1984, №6, Б.57-60.
11. Қалиев Ө. Өнімді, өнімсіз жұрнақтарды анықтау критерийлері. ҚМ. 1980. №9.
12. Қалиев Ө. Сөздік морфемалық және туу құрамы. ҚМ. 1979, №4.
13. Қайдаров А.Т. Структура односложных корней и основ в казахском языке. Алматы, 1986.
14. Қалыбаева А., Оралбаева Н. Қазіргі қазақ тілінің морфемалар жүйесі. Алматы, 1986.
15. Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі грамматикалық ұғымдар. Алматы, 1992.
16. Ибатов А. Сөздің морфологиялық құрылымы. Алматы, 1982.
17. Ибатов А. Қазақ тілінің туынды сөздер сөздігі. Алматы, 1988.
18. Қасым Б. Қазақ тіліндегі күрделі сөздер: уәждеме және аталым. Алматы, 2001.
19. Қасым Б. Қазіргі қазақ тіліндегі күрделі етістіктер. Алматы, 1996.
Салқынбай А. Тарихи сөзжасам. (Семантикалық аспект). Алматы, 1999.
20. Тілеуов І. Сөз таптары. Алматы, 1982
21. Шаһарман Г. Қазақ тіліндегі сан есімдерден жасалған аталымдар. Алматы, 2002.
22. Есімсейітов Б. Қазақ тіліндегі сөзжасамдық тізбектер. АҚД. Алматы, 2002.
23. Ганиев Ф.А. Сукффиксально словообразование в современном татарском языке. Казань, 1974.
24. Севортян Э.В. Аффиксы глаголообразования в азербайджанском языке. Москва, 1962.
25. Севортян Э.В. Аффиксы именного словообразования в азербайджанском языке. Москва, 1966.
26. Щербак А.М. Очерки по сравнительной морфологии тюркских языков. Ленинград, 1977.
27. Хабичев М.А. Карачаево-балкарское именное словообразование. Черкесск, 1971.

